Дәріс 7. Этнос теориясының биоэлеуметтік және тарихи эволюциялық бағыты

Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова

Дәрістің мақсаты:

Білім алушыларға этнос теориясының негізгі ғылыми бағыттарын түсіндіру. Л.Н. Гумилевтің биоәлеуметтік концепциясын және Ю.В. Бромлейдің әлеуметтік-тарихи теориясын қарастыру. Сонымен қатар этностың қалыптасуы мен дамуын түсіндіретін қазіргі ғылыми концепцияларды (шаруашылық-мәдени тип, ақпараттық теория, синергетикалық концепция) талдау.

Жоспары:

01 Этностың биоәлеуметтік концепциясы: Л.Н. Гумилевтің этнос теориясы және этносфера түсінігі.

02 Этностың әлеуметтік-тарихи концепциясы: Ю.В. Бромлейдің этнос туралы теориясы.

03 Этносты зерттеудің қазіргі бағыттары: шаруашылық-мәдени тип, тарихи-мәдени облыстар, ақпараттық және синергетикалық концепциялар.

Этностың биоәлеуметтік концепциясы

Этнос теориясын зерттеуде маңызды орын алатын бағыттардың бірі – биоәлеуметтік концепция. Бұл бағыттың негізін қалаған ғалымдардың бірі Л.Н. Гумилев.
Гумилев этносты тек әлеуметтік құбылыс ретінде емес, табиғи-географиялық ортада қалыптасатын ерекше құбылыс ретінде қарастырады. Оның пікірінше, адамзат тарихы көптеген этностардың пайда болуы мен дамуының тізбегі болып табылады. Ғалым этносфера ұғымын енгізді. Этносфера – жер бетінде өмір сүретін барлық этностардың өзара байланысқан жүйесі.

Этностың әлеуметтік-тарихи концепциясы

Бұл бағыттың негізін қалаған ғалымдардың бірі – Ю.В. Бромлей. Оның пікірінше, этнос – адамдардың еркімен емес, тарихи және табиғи процестердің нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік қауымдастық.

Әрбір этностың өзін басқа этностардан ерекшелендіретін белгілері болады. Олар:

- ортақ тіл
- ортақ мәдениет
- дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар
- тұрмыс салты
- этникалық сана

Тіл этнос мүшелерінің негізгі қарым-қатынас құралы болып табылады. Сонымен қатар мәдениет те этностың өмір сүруінде маңызды рөл атқарады. Мәдениет материалдық және рухани элементтерден тұрады.
Материалдық мәдениетке:

- тұрғын үй
- киім
- тұрмыстық заттар
- тағам

Рухани мәдениетке:

- әдет-ғұрып
- салт-дәстүр
- халық өнері
- дін

жатады.
Этностың маңызды белгілерінің бірі – этникалық өзіндік сана, яғни адамның белгілі бір этносқа жататынын сезінуі.

Дәрістің ғылыми маңызы

Этнос теориялары адамзат қоғамының дамуын түсіндіруге көмектеседі. Бұл теориялар арқылы халықтардың қалыптасуы, мәдениеттердің өзара ықпалы және этникалық процестердің ерекшеліктері зерттеледі.

Этнология ғылымында биоәлеуметтік және әлеуметтік-тарихи бағыттардың дамуы этносты кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Этносты зерттеудің қазіргі бағыттары

ШАРУАШЫЛЫҚ-МӘДЕНИ ТИП

Бұл теория белгілі бір халықтың шаруашылық жүргізу тәсілі мен мәдениетінің байланысын зерттейді. Шаруашылық түрі халықтың өмір салтына, мәдениетіне және әлеуметтік құрылымына әсер етеді.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОБЛЫСТАР

Бұл концепция белгілі бір географиялық аймақта өмір сүретін халықтардың мәдени ұқсастықтарын зерттейді.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕОРИЯ

Бұл теория этносты ақпарат алмасу жүйесі ретінде қарастырады. Этнос мәдени ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын жүйе болып саналады.

СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯ

Бұл бағытта этнос өзін-өзі реттейтін күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Этнос қоғамдағы түрлі факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде дамиды.

Қорытынды

Этнос теориясы адамзат қоғамындағы этникалық қауымдастықтардың қалыптасуы мен дамуын түсіндіретін маңызды ғылыми бағыт болып табылады. Этностың табиғатын зерттеуде әртүрлі ғылыми концепциялар қалыптасқан. Соның ішінде Л.Н. Гумилевтің биоәлеуметтік теориясы этносты табиғи және географиялық факторлармен байланыстыра қарастырып, этностың пайда болуын пассионарлық құбылыспен түсіндіреді.

Бақылау сұрақтары:

1. Этностың биоәлеуметтік концепциясының негізгі мазмұны қандай?
2. Л. Н. Гумилевтің этнос теориясының басты идеялары қандай?
3. Ю. В. Бромлейдің этностың әлеуметтік-тарихи концепциясын түсіндіріңіз.
4. Шаруашылық-мәдени тип және тарихи-мәдени облыстар концепциясының мәні неде?
5. Этностың ақпараттық теориясы қандай идеяларға негізделген?
6. Этностың синергетикалық концепциясы этносты қалай түсіндіреді?